

Үшінші елдерге жеткізілетін тауарларға қатысты әкетілетін кедендік баж туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 612 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Үшінші елдерге жеткізілетін тауарларға қатысты әкетілетін кедендік баж туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Владимир Сергеевич Школьникке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Үшінші елдерге жеткізілетін тауарларға қатысты әкетілетін кедендік баж туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Үшінші елдерге жеткізілетін тауарларға қатысты
әкетілетін кедендік баж туралы
келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері, үшінші елдермен саудадағы келісілген тарифтік саясат Біртұтас экономикалық кеңістік құрудың басты мақсаттарының бірі болып табылатынын мойындай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Әрбір Тарап осы Келісімге қол қойылған күні оларға қатысты Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларында әкетілетін кедендік баж қолдану көзделген, үшінші елдерге жеткізілетін тауарлардың тізбесін қалыптастырады.

Тараптар осы Келісім күшіне енген күнінен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде Біртұтас экономикалық кеңістік комиссиясына (бұдан әрі - БЭК комиссиясы) Тауарлар тізбесін жібереді.

БЭК Комиссиясы осы Келісім күшіне енген күнінен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде Тараптардың мемлекеттерінде оларға қатысты әкетілетін кедендік баж қолданылатын тауарлардың жиынтық тізбесін қалыптастырады және оны Тараптарға жібереді.

2-бап

Тараптар осы Келісімнің 3-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, Әкетілетін кедендік баж салынатын, үшінші елдерге жеткізілетін тауарлардың тізбесін кеңейтпейді.

3-бап

Осы Келісім кез келген Тараптың үшінші елдерге жеткізілетін тауарларға әкетілетін кедендік баж қолдану құқығына, егер ол мыналарға қатысты болса кедергі болмайды:

1) азық-түлік немесе ішкі нарық үшін айтарлықтай маңызды болып табылатын өзге тауарлардың ішкі нарығында тауарлардың дағдарысты жетіспеушілігін болдырмау не азайту үшін тауарлар экспортына уақытша шектеулер енгізу;

2) қоғамдық моральді қорғау;

3) адамның өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау;

4) алтын мен күмістің экспортын реттеу;

5) көркем, тарихи немесе археологиялық құндылықтардың ұлттық қазыналарын қорғау;

6) осы Келісімнің ережелеріне қайшы келмейтін заңдарды немесе нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

7) егер осы тәрізді шаралар ішкі өндірісті және тұтынуды шектеумен бір уақытта жүргізілсе, қайта қалпына келтірілмейтін табиғи ресурстардың таусылуын болдырмау;

8) мемлекеттік қолдау бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде отандық өнімнің ішкі бағасы әлемдік бағадан кем болса, осы өнімнің экспортын шектеу;

9) жалпы немесе жергілікті тапшылық кезінде тауарларды сатып алу немесе тарату;

10) мемлекеттік құпия мәселелері жөніндегі құпия ақпараттың жылыстауы болдырмауды қоса алғанда, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

11) қару-жарақ, әскери техника, оқ-дәрі саудасы;

12) радиоактивті материалдар саудасы.

4-бап

Тараптар БЭК Комиссиясына шешім қабылданғаннан кейін 7 күннен кешіктірмей әкетілетін кедендік баж мөлшерінің және Тараптардың мемлекеттерінде оларға қатысты әкетілетін кедендік баж қолданылатын Үшінші елдерге жеткізілетін тауарлар тізбесінің өзгеруі туралы хабарлайды.

БЭК Комиссиясы ақпараттың келіп түсуіне қарай Жиынтық тізбені түзетуді жүзеге асырады және Тараптарға тиісті өзгерістер туралы хабарлама жібереді.

5-бап

Осы Келісімді үйлестіруді және Тараптардың орындауын бақылауды БЭК Комиссиясы жүзеге асырады.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптардың арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Тараптардың кез келгені Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберінде Дауларды шешу жөніндегі органға дауды шешуге бере алады.

7-бап

Кез келген мемлекет осы Келісімнің қатысушысы бола алады.

Осы Келісімге қосылудың шарттары осы Келісімге қатысушы мемлекеттер мен қосылатын мемлекеттердің арасында жасалатын халықаралық шартта белгіленеді.

8-бап

Осы Келісімге ескертпелер жасауға жол берілмейді.

9-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

10-бап

Осы Келісімнің күшіне ену және одан шығу тәртібі Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне ену және олардан шығу тәртібі туралы хаттамада белгіленеді.

200__жылғы "___"_____қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Депозитарийде сақталады. Депозитарийдің функциялары Біртұтас экономикалық кеңістік комиссиясына берілгенге дейін осы Келісімнің Депозитарийі Қазақстан Республикасы болып табылады.

Депозитарий осы Келісімге қол қойған Тараптардың әрқайсысына оның расталған көшірмесін жібереді.

<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Б е л а р у с ь</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Р е с е й</i>	<i>Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң</i>
<i>Кабинеті үшін</i>	<i>У к р а и н а н ы ң</i>	<i>М и н и с т р л е р</i>